Бекітемін
“ORLE” ЖШС “Өрлеу” жеке
балабақша меңгерушісі:
А.С.Зиеденова

Біздің балабақша

/Балабақшаға саяхат/

2024–2025 оқу жылы

Тақырыбы: «Біздің балабақша»
Мақсаты: Балаларды көпшілік ортаға бейімдеу. Балалардың жаңа ортаға тез бейімделіп кетуі үшін тобындағы өздері секілді бүлдіршіндермен таныстыру. Балабақшаның әр бөлмесіне, мамандар бөлмесі, медбике, музыка залына, ойын бөлмесі т. б, ата–аналармен бірге «саяхат» жасайды. Жеке бастың тазалығы (гигиена) жайлы мәлімет береді.
Дамытушылығы: Баланың зеректігін, ойлау қабілетін дамыту
Тәрбиелігі: ұқыптылыққа, тазалыққа, жинақылыққа тәрбиелеу.
Жылулық шеңбері. «Саусақтардың амандасуы»
Бес бармақ өзінін басқа саусақтардың атын атап амандасады.
- Сәлеметсің бе, Балаң үйрек!
- Сәлем, Ортан терек!
- Амансың ба, Шылдыр шүмек!
Қалың қалай, Кішкене бөбек!
Бес бармақ кезекпен барлық саусақтарға ұшын тигізіп амандасады.
Ұйымдастыру, ізденіс жүргізу
«Мені шақыр» ойын
- Азамат маған келші?!
Балалар осылай бір - бірін атын атап шақырады да жалаушаны бір біріне береді. Жалауды алған бала рахметін айтып, өз орнына барып тұрады да келесі баланы шақырады. Балалар қуанып бір - бірінің соңынан тізіліп тұрады. Пойыз вагондары іркес - тіркес күйінде әр бөлмеге кіріп шығады. Педагог балаларға пойызбен саяхатқа баратынын хабарлайды.
«Мамандар әлемі!» таныстыру бөлімі
Әрбір маман өз бөлме атауын, мамандығын ойын арқылы таныстырады. Соңғы бекет топтағы әжетхана бөлмесі.
Бөбекжай есігін,
Екі жасқа тола ашқанбыз.
Балапандай өсіріп,
Мәпелейді бақшамыз.
Педагог сұрақтар қойып әр бөлменің атауларын дұрыс атауын қайталап айтуды ұсынады. Балалар сұрақтарға жауап беруге тырысады.
Күтілетін нәтиже.
Біледі: - Бөлме атауларын, олардың қандай қызметке арналғандығын біледі.
Түсінігі бар: - Келген адаммен амандасу керектігі туралы түсінігі бар.
Орындай алады: - Балалар барлығы бірге жылулық шеңберін орындай алады
Кері қайту